

егемен

Қазықаспан

## Қарышты қарқын қарымы

Сараптама биылғы жылдың бірінші жартысында Қазақстан экономикасы өсудің қарымды қарқынына қол жеткізді. Енді елдің ішкі жалпы өнімі 2008 жылдың басындағы деңгейіне жетуі үшін, сыртқы әсерлер қазіргідей қолайлы болып тұра берсе, осыған дейін Үкімет болжап келгеннен де аз уақыт керек екен. Статистика агенттігінің жедел мәліметтеріне қарағанда, бірінші жартыжылдықтағы ішкі жалпы өнімнің көлемі осы күнгі бағамен 8733,0 млрд. теңгені құрады. Бұл былтырғы жылдың осы мерзімімен салыстырғанда, нақты өлшемде 8 пайыздық өсудің бар екенін көрсетеді. Оның бұлайша қарыштап өсуіне екі түрлі фактор оң әсер етсе керек. Олардың біріншісі салыстыру үшін алынған 2009 жылғы база негізінің төмен екендігі (өткен жылғы қаңтар-маусым аралығында ІЖӨ құлауы 2,3 %-ға дейін барып еді) болса, екіншісі экспортқа шығарылған тауарларға деген сұраныстың артып, бағаның көтеріліп кетуінен іздестіріледі. Сарапшылар қазір біз бірінші жартыжылдықта сыртқа шығарған тауарлардың басым бөлігінің әлемдік бағасы, бұдан бұрынғы жылмен салыстырғанда, айтарлықтай өсіп кетті деп отыр. Ол тіпті Үкімет болжағаннан да жоғары шыққан. Соның ішінде Brent сұрыпты мұнай бағасының күрт көтерілгені бірден байқалуда. Айталық, оның баррелі 2009 жылдың осы мезгілінде 52,06 доллар тұрған болса, қазір 77,67 доллардан қайырылады. Көріп тұрғандарыңыздай, бұл биылғы жылдың бюджетінің негізі қаланып жатқан кездегі бағадан бір жарым еседен астам жоғары. Жаһан рыногында еліміздің экспорттық тауарлары арасында мәні жағынан екінші бұйым болып табылатын түсті металлдың бағасы да шарықтап өскен. Атап айтқанда, өткен жылдың бірінші жартысына қарағанда, мыс – 76, мырыш – 63, қорғасын – 57, алюминий мен қалайы 43 пайызға қымбаттаған. Айналып келгенде, бағаның жақсаруы мен теңгеру базасының төмен болып келуі өнеркәсіп өндірісінің нәтижесіне оң серпін берді. Осының салдарынан өткен жылдың салыстыру нысаны болып тұрған уақытқа қарағанда, биылғы сондай мерзім аралығында өндіріс көлемінің табиғи өсімі 11 пайызды көрсетті. Былтыр осы кезеңде ол 2,7 пайызға кері кеткен еді. Жалпы, бізде биыл құрылыс пен негізгі капиталға инвестиция салудан басқа нақтылы секторлардың бәрінде, сондай-ақ қызмет көрсету саласында айтарлықтай жоғары қарқын бары көрініп тұр. Мұнда тек құрылыс көлемі мен инвестиция салу тиісінше 3,9 және 4,8 пайызға артқа кеткен. Ал ауыл шаруашылығы саласында керісінше жалпы өнімнің ауқымы 3,1 пайызға көбейе түскен. Бірінші жартыжылдықта бөлшек сауда тауар айналымы көлемі – 13,1, көлікпен тасымалдау қарқыны – 6,8, байланыс қызметі 5,3 пайызға артты. Өткен жылдың салыстыру кезеңінде шын мәнінде тауар өндіру мен қызмет көрсетудің барлық дерлік салаларында құлдырау орын алған. Тұтастай қарағанда, өткен жылғы алғашқы 6 айымен салыстырғанда, биылғы тауар өндіру көлемі – 7,3, қызмет көрсету 4,8 пайызға артық шыққан. Өндірістің құрылымы да былтырғыға қарағанда айтарлықтай елеулі өзгерістерге ұшыраған. Нақты айтсақ, ауыл шаруашылы-

ғының үлесі 3,2-ден 2,6 пайызға, құрылыстың үлесі 8,3-тен 5,9 пайызға азайса, ал өнеркәсіп керісінше 29,4-тен 32,0 пайызға ұлғайған. Тұтасымен алғанда, ІЖӨ-дегі тауар өндіру үлесі былтырғы салыстырмалы уақыттағы 40,9-дан 40,5 пайызға, ал қызмет көрсету 59,3-тен 56,8 пайызға кеміп кеткен. Экономика құрылымындағы осынау өзгерістер бұл секторлардың әртүрлі қарқынмен дамуына да, тауар мен қызмет түрлері бағаларының құбылуына да байланысты пайда болған. Әлбетте, экспортқа шығарылған тауарлар бағасының көтерілуімен бірге, тауарлар өндіру мен қызмет түрлерінің табиғи көлемі өсуі ішкі жалпы өнім құнының қарқынына әсер етпей қоймайды. Сондықтан да бұл көрсеткіш, жоғарыда атап өткеніміздей, 8733,0 млрд. теңгеге жетіп, 2009 жылдың осы мезгіліне қарағанда, 35,5 пайыздық ілгерілеушілік жасалды. Мұнда ІЖӨ долларға шаққанда, үштен бір бөліктей болып өсіп, 59,3 млрд. доллар болғанын да айта кетуіміз керек. Салыстыру үшін келтірейік, осы көрсеткіш бойынша рекордтық деңгей тіркелген 2008 жылдың бірінші жартысында Қазақстан ішкі жалпы өнімін 57,7 млрд. долларға, немесе 6,95 трлн. теңге сомасына жеткізді. Осылайша бірінші жартыжылдықта ІЖӨ динамикасына өнеркәсіп өсімінің жоғары қарқыны, экспорт тауарлары құны көлемінің кең ауқымда өсуі, сонымен қатар тауар айналымы сальдосының бұлардан да гөрі айтарлықтай жақсаруы негізгі ықпал жасады. Қазақстанның биылғы жылғы қаңтар-маусым аралығындағы сыртқы сауда айналымы 42,5 млрд. долларды құрады. Бұл өткен жылдың осы мезгіліне қарағанда 40,1 пайызға артық. Осы тұста экспорттың өсуі 72,2 пайызға жетіп, 29,6 млрд. АҚШ долларына теңесе, керісінше импорттың ауқымы 1,8 пайызға кеміп, 13 млрд. доллармен тұйықталды. Сыртқы сауда айналымы динамикасына оң әсер еткен негізгі факторлар қатарында экспортқа шығарылған тауарлар бағасының артуы, экспорттың табиғи өсімі, сондай-ақ салыстыру базасының төмендігі бар. Мәселен, былтырғы жылғы осы кезеңде оның алдындағы салыстырмалы мерзімге қарағанда, экспорт ауқымы екі еседен астам азайып, сауда балансы профициті, яғни пайдасы күрт қысқарып кеткен еді. Осының аясында биылғы жылдың бірінші жартысындағы сауданың оң сальдосы төрт еседен астам өсіп, 16,6 млрд. АҚШ долларын құрады. Статистердің бағалауынша, осы уақытта бір айдағы атаулы орташа жалақы 72 692 теңге болып, былтырғы тиісті кезеңмен салыстырғанда, 12,4 пайызға артқан. Ал нақтылы мөлшерлемеде ол 5,0 пайызды құрайды. Шілде айында бұл деңгей тағы артқан. Тұрғындар тапқан ақшалай табыс көлемі 38 359 теңге болып, атаулы және нақтылы өлшемдерде тиісінше 15,7 және 8 пайыздар мөлшеріне көтерілген. Осыларға қарап отырып, үстіміздегі жылдың алғашқы жартысында еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму барысы алдын-ала болжанған шамадан әлдеқайда жоғары болғанын пайымдауымызға болады. Сөйтіп, базалық салалардағы әлемдік рынок бағаларының өсу жағдайы, тұтастай алғанда, экономиканы қалпына келтіру өсімінің де жоғары қарқынын байқатты. Бұл тұтас көрініске тек әлі күнге дейін жағдайы күрделі күйінде қалып тұрған банк секторы ғана қосыла алмайтын шығар. Үстіміздегі жылдың бірінші жартысында Қазақстанмен бірге Өзбекстан да ішкі жалпы өнімнің өсуінен 8 пайыздық

көрсеткішке жетті. Бұл күллі ТМД елдері арасындағы ең жоғары көрсеткіш болып табылады. Айталық, осы уақытта Тәжікстан 7 пайыздан сәл жоғары деңгейден табылса, Армения мен Беларусь 6 пайыздың ауқымынан асты. Өсімнің оң динамикасына Достастықтың басқа елдері де қол жеткізді. ТМД статистика комитетінің мәліметтері бойынша, жылдың бірінші жартысында ІЖӨ-нің ТМД елдеріндегі орташа өсуі 4 пайыздың шамасында деп бағаланса, өнеркәсіп өнімінің өсімі 10 пайызға жақындаған. Бұдан екі апта бұрын жарияланған ақпаратқа қарағанда, еліміздің экономикалық ахуалы шілде айында өзінің тұрақты қалпын сақтап қалған. Ай ішінде өнеркәсіп өнімдерін өндірудің табиғи көлемінің индексі 2009 жылдың сол кезеңімен салыстырғанда 11,3 пайыз жоғары болып шыққан. Осының негізінде өнеркәсіп өнімдерін өндірудің бірінші жартыжылдықтағы өсу деңгейіне өзгеріс енген. Мұнда өнімнің қазіргі бағадағы көлемі ай көлемінде 960 млрд. теңгеге өсіп, жеті айдағы көрсеткіш 6 474,7 млрд. теңгеге барып тоқтаған. Өткен жеті айда тау-кен өнеркәсібінің табиғи өсу индексі 5,8 пайызға шамаланды. Өндірістің өсуі шикі мұнай мен газ конденсатын (5,6 %), табиғи газды (5,0 %), көмір мен темір кендерін өндіруді ұлғайту негізінде мүмкін болды. Мұнда отын-энергетикалық пайдалы қазбаларды алуды ұлғайту түсті металл кені көлемінің түсіп кетуімен тұспа-тұс келді. Есепті кезеңде өнім өңдеуші өнеркәсіптің өсу қарқыны 19,4 пайызды құрады. Азық-түлік, өңделген мұнай өнімдері, тоқыма бұйымдар, құрылыс материалдары, металлургия және химия өнеркәсібінің өнімдері біршама артты. Қаңтар-шілде айларында ауыл шаруашылығындағы ішкі жалпы өнім көлемі ағымдағы бағамен 460,0 млрд. теңгеге теңесіп, өсу қарқыны жартыжылдық қорытындысындағы 3,1 пайыздан 1,3 пайызға кейін шегеріліп кетті. Сонымен бірге, бөлшек сауда айналымы көлемінің өсу қарқыны ай ішінде 13,1-ден 13,3 пайызға көтерілді. Жүк тасымалдау ауқымы 10,4 пайызға өсіп, ол 201,3 млрд. тонна-шақырымға теңесті. Бұдан басқа, ұзақ уақытқа созылған құлдыраудан кейін, шілде айында құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі аз да болса өскен сыңай танытты. Оның қаңтар-шілде аралығындағы көлемі 892,1 млрд. теңгені құрап, былтырғы жылдың осы кезеңінен 0,1 пайызға артықтығын байқатты. Шілдеде қаржы салу саласында да ілгерілеу үрдісі болды. Жеті айда негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 2 257,6 млрд. теңгеге тірелді. Бұл айда негізгі капиталға салынған инвестиция осының алдындағы айдағы 4,8 пайыздан 2,9 пайызға дейін азайды. Кәсіпорынның өз қаржысы жетіспей жатқан кезде, кредит ресурсының тапшылығы мен оның қымбаттауы жағдайында құлдырау қарқынының баяулауы мекеме мен тұрғындардың қаржылай үлестерінің, сондай-ақ бюджеттің ұлғайтылуы, бұған керісінше, онымен бір мезгілде шетелдік инвестициялар мен заем қаржыларының қысқаруы есебінен қамтамасыз етілді. Шілде айының мәліметтері, ауа райы жағдайына қатысты қолайсыздықты көбірек кешкен ауыл шаруашылығынан басқа, базалық салалардың барлығында да іс жүзінде жағдайдың жақсара бастағанын көрсетеді. Нәтижесінде қаңтар-шілде шегіндегі қысқа мерзімдік экономикалық индикатор жыл ішіндегі ең жоғары нүктеге жетіп, ол 109,2 пайызды құрады. Мамандар сонымен қатар ағымдағы

жылдың екінші жартысында отандық экономиканың біртіндеп төмен түсе бастауы ықтимал екенін де айтады. Мұндай қауіпке бірнеше фактор қозғау салып отыр. Мысалы, ендігі жерде салыстырып қарау үшін алынатын базаның өсетіні, соның ішінде экспортқа шығарылатын тауарлар бағаларының біртіндеп теңесуі сондай себептерге жатады. Сол сияқты осының алдындағы рекордтық көрсеткішті жылдарға қарағанда, дәнді дақылдар көлемі қысқарып кетуіне байланысты ауыл шаруашылығында байқалатын айтарлықтай баяулау үдерісі де белгілі бір рөл ойнайды. Соған қарамастан, қаңтар-шілде аралығындағы нақтылы көрсеткіштерді, сондай-ақ күтіліп отырған қолайлы бағалық конъюнктураны ескергенде экономиканың тұтастай жыл ішінде 5-7 пайыз деңгейінде өсуі сақталатынына үміт артуға болады. Бұл Үкіметтің алдын-ала болжағанынан еселей көп. Жақында Экономикалық даму және сауда вице-министрі Қуандық Бишімбаев Қазақстанның 2010 жылғы ішкі жалпы өнімі өсуінің 5 пайыз болатынын қадап тұрып айтты. Бұл деңгейдің өзі Үкіметтің жыл қорытындысына жаз басында жасаған болжамынан 1 пайызға, ал қаңтарда болжағанынан 3 пайызға артық. Бірақ, сарапшылар еліміздің экономикасы өсуінің негізгі қозғаушы күші болып отырған әлемдік конъюнктура жылдың екінші жартысында өзгеріп кетуі мүмкін деген де болжам білдіреді. Соның салдарынан қазіргі өсу деңгейі біршама төмен түсіп, 5 пайыздың маңайында тоқтауы ықтимал. Дегенмен, мұның бәрі әзірге болжам ғана. Ол мұнайдың Brent сұрыбы баррелінің бағасы 65 доллардан болып тұрған жағдайдан шығарылып алынып отыр. Ал жағдай бұдан да гөрі қолайлы бола қалса, республиканың 2010 жылға белгіленген бюджетінің күзгі қаралымында көрініс беруі мүмкін. Бірінші жартыжылдықтағы жақсы нәтижелерге қарағанда, солай болып қалуы да ғажап емес. Жылдың бірінші және екінші тоқсандарында өнеркәсіп өндірісінің өсуі тиісінше 11,6 және 12 пайыз мөлшерлерінде болды. Осының өзі экономика өсімінің жоғары қарқында екеніне еш күмән тудырмайды. Бұлар, әсіресе, 2009 жылдың IV тоқсанындағы 9,6 пайыздың қасында әлдеқайда қауқарлы болып көрінер еді. Бұдан бөлек, жылдың екінші жартысынан дәстүрлі түрде қаржы секторының жандана түсуі мен нақты секторды несиелеудің біршама жақсаруы күтілуде. Осы жерде Үкіметтің өткен жылдың соңында 2010 жылғы ішкі жалпы өнімнің өсімін 2,5 пайызға болжап алып, қаңтардың басында бұл мөлшерді 2 пайызға дейін түсіре қарастырғанын да еске алған абзал. Ол мұнай баррелін сол кезде 2010 жылға – 58 доллар, 2011 жылға 60 доллар мөлшерінде болжамды бағалау негізінде жасалған еді. Үкіметтің бұл сақтығын сонда рейтинг агенттіктері, банктер және Халықаралық валюта қоры қолдаған болатын. Биылғы мамыр айында жарық көрген Халықаралық валюта қорының “Аймақтық экономика дамуының перспективалары” атты ресми баяндамасында Кавказ бен Орталық Азия елдерінде қаржы дағдарысының зардаптары соңынан еңсе көтерудің алғашқы белгілері байқалғаны, ал Қазақстан мен Әзірбайжаннан 2-3 пайыз өсу күтілетіні айтылған. Осы аралықта тек санаулы ғана сарапшылар бұлардан гөрі оптимистік көзқараста болды. Мысалы, Standart & Poor’s өкілі Екатерина Трофимова ағымдағы жылдың ақпан айында жақсы сыртқы ахуал

орнаған жағдайда Қазақстанның 2010 жылғы экономикалық өсуі 5 пайызға дейін көтерілетінін білдірді. Ал халықаралық инвест-топтың жетекші маманы Иван Чакаров 2009 жылдың күзінде-ақ дағдарыстан кейінгі кезеңде Қазақстанды ТМД елдеріндегі басқа көршілеріне қарағанда жақсы болашақ күтіп тұрғанын айтып еді. Оның пікірінше, біздің ел Достастықтың басқа дәулеттерінен гөрі дағдарыстан күштірек қалыпта шығуға тиіс. Себебі, Қазақстан дағдарыс кезінде ішкі жалпы өнімнің қалқып төмен түсуіне қол жеткізіп, көп бөлігі шағын және орта бизнеске, ауыл шаруашылығына және инфрақұрылымға бағытталған дағдарысқа қарсы жақсы бағдарлама жасай білген. Бұған қоса Nomura 2010 жылы мұнай баррелінің бағасы – 72, ал 2011 жылы 75 долларға дейін көтерілетінін болжап отыр. Осы деректердің өзі бізге жақын болашаққа, келер жылға оптимистік көзбен қарау керек екенін білдіреді.

Серік Пірназар, Астана.